# СИЛЛАБУС
## 8D01801 – «Әлеуметтік педагогика » білім беру бағдарламасы
## 2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі

| Пәннің ID және аты | Білім алушының өздік жұмысы ДӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредиттердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өздік жұмысы (ОДӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақ (ЗС) | | |
| ID 103486 Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар | 5 | 15 | 30 | - | 5 | 7 |

| Оқыту түрі | Циклі, компоненті | Дәрістің түрі | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы |
|---|---|---|---|---|
| Офлайн | П (ТК) | Кіріспе шолу, оқу, аналитикалық талдау, қорытынды | тақырыптық, аралас, интегративті,бағытталған, жобалау, интерактивті т.б. | Ауызша емтихан Офлайн, «UNIVER» жүйесі |
| Дәріскер | Әрінова Бақыт Айтуқызы | | | |
| e-mail: | baxit-a@mail.ru | | | |
| телефон: | +7 7015396777 | | | |
| Ассистент | Әрінова Бақыт Айтуқызы | | | |
| e-mail: | baxit-a@mail.ru | | | |
| телефон: | 7 7015396777 | | | |

## ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| Докторанттардың әлеуметтік педагогика саласындағы заманауи теориялық тұжырымдарды талдап, ғылыми негіздеу; әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың гуманистік тұғырларын зерделеу;қазіргі заманғы әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың ғылыми зерттеулерде қолдану мүмкіндіктерін болжамдау, әлеуметтік педагогиканың ғылыми-әдіснамалық | 1. Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың құрылымдық-мазмұндық жүйесін, талдап түсіндіре алу; шетелдік және отандық тұжырымдамалар мен теорияларды негіздеп талдау; ұлттық ерекшелікті ескере отырып, әлемдегі білім беруді дамыту үдерісін зерттеу; әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдіснамасын, зерттеу объектісін, тұғырларын және ұстанымдарын жіктеп көрсету, әдістерін айқындау; | 1.1 Әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдіснамасы, зерттеу объектісі мен пәнінің ерекшелігі туралы түсінік береді;<br>1.2 Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың әлеуметтік білім беруді дамытудағы мәнін айқындай алады ;<br>1.3 Әлеуметтік педагогика бойынша бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді талдай алады, жалпы педагогикалық концепцияларды бөліп көрсетеді және жіктеп түсіндіре алады . |
| | 2. Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар бойынша зерттеу міндеттерін тұжырымдау және шешу үшін жүйеленген теориялық және практикалық білімді пайдалануға дайын болу; шетелдік әлеуметтік педагогикалық тәжірибенің нысандары мен әдістерін талдап, әртүрлі елдердегі әлеуметтік білім беруді дамытудың концептуалды заңдылықтарын, тұғырларын айқындау; | 2.1 Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың ғылым ретінде даму заңдылықтарын біледі;<br>2.2 Шетелдік және ТМД елдеріндегі әлеуметтік педагогикалық тәжірибені салыстырып айта алады;<br>2.3 Әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдіснамасы, технологиялық ммүкіндіктері, инклюзивті білім беру мәселесінің концептуалды тұғырларын, ұстанымдарын түсіндіре алады. |

| | | |
|---|---|---|
| негіздерін меңгерту, әлеуметтік-педгогика бойынша білімдерін дамыту. | 3.Қазақстандық әлеуметтік-педагогикалық білім беру мен тәрбиенің ерекшеліктері мен стратегиялық мақсаттарын білу; білім беру модельдерінің ерекшеліктерін негіздеу, түсіндіру және тұжырымдамалық негіздеуді меңгеру. | 3.1 Еліміздегі әлеуметтік-педагогикалық білім беру мен тәрбиенің ерекшеліктерін, стратегиялық даму мақсаттарын біледі;<br>3.2 Отандық және шетелдік әлеуметтік тәрбие беру жүйелерін салыстырмалы талдау техникасын, білім беру модельдерінің ерекшеліктерін негіздей алады. |
| | 4. Әлеуметтік-педагогикалық кәсіби жағдаяттарда оқушыларға түсіністікпен қарау, табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен карауға үйрету; әлеуметтік педагогиканың логикалық-гносеологиялық, дүниетанымдық, технологиялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін түсіндіру | 4.1 . Әлеуметтік-педагогикалық ғылымтану теориясының мазмұнын құрайтын ғылыми білімнің түпнұсқасы ретіндегі әлеуметтік педагогиканың нысанасы, пәні, мақсаты, міндеттерін ғылыми негіздеп айтады;<br>4.2 .Әлеуметтік педагогикаға жаңаша көзқарас, заманауи ғылыми концепциялардың қазіргі өзектілігін түсініп, өзінің сыни пікірін айта алады . |
| | 5.Әлеуметтік-педагогикалық білім беру технологияларын пайдалануда кәсіби білім мен дағдыларды қолдануға негізделген құзыреттіліктерге ие болу; өзінің болашақ кәсібінің қоғамдық-әлеуметтік маңыздылығын түсіну, топтағы ынтымақтастықты сақтау және әлеуметтік өзара байланысты орнату; топта жұмыс жасай білу; әлеуметтік-педагогикалық қарым-қатынаста ізгілікті педагогика шарттарын ұстана білуге машықтандыру | 5.1 Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепцияларды талдауда әлеуметтік-педагогикалық білім беру технологияларын пайдаланады;<br>5.2 Әлеуметтік-педагогикалық білім беру технологияларын,әдістерін тиімді пайдаланып , психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізеді;<br>5.3.Пән бойынша берілетін зерттеу, жазба жұмыстарын дұрыс орындай алады;<br>5.4 Топтағы ынтымақтастықты сақтау және әлеуметтік өзара байланысты орнатуға қабілеттілік танытады ; топта жұмыс жасай біледі. |
| | | |
| **Пререквизиттер** | Жоғары мектеп педагогикасы» | |
| **Постреквизиттер** | Педагогикалық тәжірибе | |
| **Оқу ресурстары** | **Оқу әдебиеттері:**<br>1. Социальная педагогика : учебник для вузов / В. И. Загвязинский [и др.] ; под редакцией В. И. Загвязинского, О. А. Селивановой. 2-е изд., перераб. и доп. - Москва : Издательство Юрайт, 2021. -448 с.<br>2. Гревцева, Г.Я., Литвак, Р.А., Элибаева Л.С Социальная педагогика.: учебное пособие / Р.А. Литвак, Г.Я. Гревцева, Л. С. Элибаева .-Бухара: ООО "Sadriddin Salim Buxoriy" Durdona, 2021. -256 б.<br>3. Социально-педагогическая деятельность в образовательной организации : учебно-методическое пособие / составители И. И. Дегтярева, И. А. Мушкина. -Сочи : СГУ, 2020. -58 с.<br>4. Әлқожаева Н.С. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы - Алматы : Қазақ университеті, 2011. - 140 с.<br>5. Дегиль Н. И. История социальной педагогики: взгляды и деятельность великих педагогов: хрестоматия для студентов пед. спец. учр высш. образования . М-во обр. Респ. Беларусь, Баранович. гос. ун-т., 2019. -188 с<br>6. Қабыкенов Ғ.У., Есенбаева Б. Әлеуметтік педагогика тарихы: оқу құралы.- Алматы, 2011.-232б .<br>7. Никулина О.М., Смотрова Л.Н. Социальная педагогика: конспект лекций.- М.: Высшее образование, 2007. 256 с.<br>**8.** Мардахаев, Л.В. Социальная педагогика: социальное воспитание: учебник | |

| | |
|---|---|
| | для студентов средних и высших учебных заведений / Л.В. Мардахаев ; Российский гос. социальный университет. - Москва ; Берлин : Директ-Медиа, 2019. - 392 с.<br>**Қосымша әдебиеттер:**<br>1. Холостова Е. И. Социальная работа и социальная сплоченность общества [Электронный ресурс] : Учебное пособие для бакалавров / Е. И. Холостова. - М.: Издательско-торговая корпорация 'Дашков и К-', 2015. - 128 с. - ISBN 978-5-394-02355-2 - Режим доступа: http://znanium.com/catalog.php?bookinfo=512129<br>2. Сайт социального педагога - http://nsportal.ru/main<br>3. Электронная книга - - http://www.cbook.ru/peoples/index/welcome.shtml |
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail baxit-a@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.<br>**МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **МООС**-қа тіркелуі қажет. **МООС** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |
| **БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ** | |

| Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі | | | |
|---|---|---|---|
| **Баға** | | **Баллардың сандық баламасы** | **Дәстүрлі жүйедегі баға** |
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

| **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | |
| Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 25 |
| Өзіндік жұмысы | 25 |
| Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Апта | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1. ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** | | |
| 1 | **Д 1.** «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» оқу курсының құрылымдық-мазмұндық жүйесі | 1 | |
| | **СС1.** «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» оқу курсының мақсаты мен міндеттері және оқыту талаптары | 2 | 7 |
| 2 | **Д** 2 Әлеуметтік-педагогикалық білім берудің философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және педагогикалық тұжырымдамаларының тарихилығы | 1 | |
| | **СС 2.** «Әлеуметтік педагогика» ғылымының негізгі категориялары | 2 | 7 |
| | **ОДӨЖ 1.** ДӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар туралы ой-пікірлерді саралау, дәйектеу | | |
| 3 | **Д 3.** Әлеуметтік педагогиканың заманауи ғылыми концепцияларына кіріспе | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **СС 3 .** Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде отандық және шетелдердегі дамуының тарихи негізгі кезеңдері | 2 | 7 |
| | **ДӨЖ 1.** «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» бойынша ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерге сәйкес түсіндірмелі глоссарий құрастыру | | 25 |
| 4 | **Д 4.** Әлеуметтік педагогиканың ғылыми сала, қоғамдық құбылыс және мамандық ретіндегі концептуалды негіздері | 1 | |
| | **СС4.** Әлеуметтік педагогика гуманитарлық ғылымдар және білім беру саласындағы орны | 2 | 7 |
| 5 | **Д 5.** Жалпыпедагогикалық ұстанымдардың әлеуметтік педагогиканың негізін құраушы ретіндегі тұжырымдамалық сипаты | 1 | |
| | **СС5** Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің субъектілері:адам философиялық-педагогикалық категория ретінде | 2 | 7 |
| | **ОДӨЖ 2.** «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» бойынша зерттеулерге талдау жасау | | |
| | **2 МОДУЛЬ. ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНЦЕПЦИЯЛАРДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** | | |
| 6 | **Д6.**Концепциялардың әртүрлілігі және әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың өзара байланысы-әлеуметтік педагогиканың теориялық даму көрсеткіші ретінде | 1 | |
| | **СС6.** Әлеуметтік педагогиканың психологиялық аспектілерінің тұлғаның когнитивті және эмоционалды дамуына ықпалы | 2 | 7 |
| 7 | **Д 7.** Инклюзивті білім берудің әлеуметтік- педагогикалық аспектілері | 1 | |
| | **СС7** Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың ерекше балалардың индвидуалды қажеттіліктерін қамтамасыздандырудағы әдістемелік сипаты | 2 | 8 |
| | **ДӨЖ2.** «Әлеуметтік- педагогикалық білім» мамандардың кәсіби дүниетанымы мен ойлау қабілеттерін дамыту құралы ретінде» тақырыбында жоба құрастыру | | 25 |
| | **АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1** | | **100** |
| 8 | **Д 8.** Әлеуметтік педагогикаға заманауи ғылыми тұжырымдамалар тұрғысынан жаңа көзқарас: цифрлық орта және психологиялық климат | 1 | |
| | **СС8.** Позитивті білім беру ортасын құру және білім алушыларды басқару | 2 | 7 |
| | **ОДӨЖ3.** Тапсырмалар бойынша МӨЖ 3 кеңес беру . | | |
| 9 | **Д9.** Заманауи ғылыми концепциялардың педагогикалық үдерістер жүйесіндегі көзқарастардың теориялық компоненті ретіндегі мәні | 1 | |
| | **СС9.** «Мақсат-Идея-Ұстаным» үштігі - педагогикалық концепциялар негізі | 2 | 7 |
| 10 | **Д 10.** Әлеуметтік конструктизизмнің білім берудегі өзара әрекеттестік және идеялармен алмасу нәтижесі ретіндегі концептуалды негіздері | 1 | |
| | **СС10.** Әлеуметтік педагогикадағы интеллектуалды және эмоциналды оқыту талаптары мен бейімделу ұстанымдары және әлеуметтік дағдыларды дамыту | 2 | 7 |
| | **ДӨЖ3.** «Әлеуметтік педагогика ғылымының дамуының шетелдік тәжірибесі» тақырыбына теориялық-практикалық талдау (презентация түрінде қорғалады) | | **20** |
| | **3 МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТТІК ТӘРБИЕ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ** | | |
| 11 | **Д 11.** XX ғасырдың ортасындағы педагогикалық орта концепциялары: әлеуметтік тәрбиенің мазмұны мен құрылымы | 1 | |
| | **СС 11** Дамыту педагогикасының тұлғаның белсенділігі, шығармашылығы және өзін-өзі дамытуының концептуалды сипаты | 2 | 7 |
| 12 | **Д 12.** ҚР Тәрбие тұжырымдамасы баланы әлеуметтендірудің педагогикалық компоненті ретінде | 1 | |
| | **СС 12.** Л.Я. Олиференко бойынша баланың әлеуметтегі проблемалық | 2 | 7 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жағдайларды жеңуіне бағытталған әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет концепциялары | | |
| | **ОДӨЖ4.** МӨЖ 3 орындау және әдебиеттерді пайдалану әдістері мен талаптары бойынша өзара бірлескен әдістемелік кеңес беру жұмысы | | |
| | **ДӨЖ4.** Төменде көрсетілген әлеуметтік ғылыми концепциялар бойынша бір еңбекті таңдап, аннотация жазу:<br>1.Әлеуметтенудің рөлдік концепциялары (Р. Дарендорф, К. Лэнгтон, Ф. Тенбрук.<br>2.Әлеуметтік «сәйкестену балансы» концепциясы (Л. Кольберг, Ж. Пиаже). | | 15 |
| 13 | **Д13.** Мәдениетаралық білім беру - студенттердің көпмәдениетті қоғамда табысты әлеуметтенуінің шарты және әлеуметтік құзыреттіліктерінң даму жолы | 1 | |
| | **СС 13.** Кеңестер Одағындағы әлеуметтік тәрбие беру тәжірибесі | 2 | 5 |
| | **ОДӨЖ5.** Шетелдердегі әлеуметтік тәрбие мәселесі бойынша салыстырмалы талдау ( кесте түрінде жіктелім жасау) | | |
| 14 | **Д 14** Полимәдениетті ортадағы тұлға тәрбиесі тұжырымдамасы: педагогикадағы орта тұғыры бала тұлғасын дамытудың құралы | 1 | |
| | **ДӨЖ5 .** «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік білім мен тәрбие беру теориялары мен тұжырымдамаларының педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында презентация қорғау | | 15 |
| | **ОДӨЖ6.** Желілік өзара әрекеттестік және қазіргі инклюзивті білім беру ортасындағы әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі бойынша пікір алмасу | | |
| | **СС14.** Гендерлік әлеуметтенудің білім алушылардың тең құқылы білім алу кеңістігін қалыптастырудағы рөлі | 2 | 5 |
| **15** | **Д 15.** Әлеуметтік педагогиканың заманауи ғылым ретінде даму болашағы | 1 | |
| | **СС 15.** Әлеуметтік педагогтің әдіснамалық өзін-өзі анықтауы және «көмекші» маман ретіндегі субъектілік маңызы | 2 | 5 |
| | **ОДӨЖ7.**Қорытынды емтиханға дайындық бойынша кеңес беру | | |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |
| **Пән бойынша барлығы** | | | **100** |

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**ДӨЖ 1. «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» бойынша ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерге сәйкес түсіндірмелі глоссарий құрастыру**

| Критерийі | «Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25% | «Жақсы» % макс. салмағы 21-18% | «Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15% | «Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың теориялық – әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамалық мақсат-міндеттерін түсінуі** | Докторант «заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар», « әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тұжырымдамасы» және т.б ұғымдарды теориялық тұрғыда негіздеп тұжырымдаған авторлардың еңбектерін саралап құрастырған. | Әр ұғымның нақты мағынасын аша білген және оларды өзара салыстыра талдап, жіктеп көрсеткен. Теориялық-әдіснамалық негіздерге сүйенген, салыстырмалы білім беру мәселесін түсінеді . | Докторант теориялық тұрғыда анықтамаларды жіктеп көрсете алмаған. «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» бойынша авторлардың еңбектеріне тек сілтеме жасап көшіріп жазған. Тапсырманы орындау деңгейі қанағаттанарлық | Глоссарий құрастыру талаптарына сәйкес келмейді. Әдебиеттерді, қайнар көздерді толық пайдалана алмаған. Терминдерді шатастырады. Әлеуметтік-педагоикалық ғылыми тұжырымдар,әлеуметтік-педагогикалық білім беру туралы ізденбеген, жұмысты орындауда қызығушылық танытпаған. |
| **Пәннің негізгі мәселелерін теориялық және практикалық аспектілерін ұғынуы** | Білім алушы салыстырмалы педагогиканың теориясы мен теориялық негіздерін, өзге ғылым салаларымен | Докторанттың ізденушілік қабілеті бар, әр анықтаманы нақты дәлелдеп талдайды, кілттік ұғымдарды | Өздік жұмыста көбінесе интернет материалдарын көшіріп беруге бейім. Өзінің ұсынысы, тұжырымы, пікірі нақты көрінбейді. Жұмысын | Құжаттармен, әдебиеттермен жұмыс жасауда бірізділік жоқ, тек әрбір ұғымға берілген анықтаманы көшірген. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| [illegible] | байланысын [illegible], салалық терминдермен ұштастыра алған. | меңгерген. | қорғауы қанағаттанарлық. | |
| [illegible] ұсынысы, [illegible] [illegible] ғылымдар [illegible] ұсыныстар | Докторант «заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар», «әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тұжырымдамасы» және т.б ұғымдарға өз анықтамасын ұсынады. | Сын тұрғысынан ойлайды, өзіндік пікір ұсынады, теориялық ұғымдарға терминологиялық анықтама береді. | ДӨЖ жұмысында білім алушы өз ойын толық жеткізе алмайды, сыни ойлау тұрғысынан пікірлері әлсіз, әрі терең емес. Ұсыныстар бере алмайды. | Өздігінен сараптама, сыни пікір жасай алмаған. Әлеуметтік педагогика бойынша терминдерді ұштастырады, құрастыруда қателіктер кездеседі, Ұсынысы жоқ. |
| Жазу, APA style | Докторанттың жұмысы мазмұндық жағынан дұрыс, ғылыми негізде толық ашылған . Жазу стилі айқын, [illegible] нақты тұжырымдалған. | Жұмыс жақсы орындалған, ғылыми стиль сақталған, өз қолтаңбасы бар. | Докторанттың өздік жұмысы кейбір нақтылықты талап етеді, біршама қателері де бар. | Өздік жұмыста қателіктер көп, өзінің ойын жүйелі жеткізе алмаған. Термин құрастыруда құзыреттілік танытпайды. |
| | | | | |

**ДӨЖ2. «Әлеуметтік- педагогикалық білім» мамандардың кәсіби дүниетанымы мен ойлау қабілеттерін дамыту құралы ретінде» тақырыбында жоба құрастыру**

| Критерийі | «Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25% | «Жақсы» % макс. салмағы 21-18% | «Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15% | «Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| Жоба құрастыруға байланысты салыстырмалы білім беру теорияларын, тұжырымдамаларды түсінуі | Докторант тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамаларды түсінеді, қолданады. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған. Жобаға қойылатын талаптарды ұстанады, нәтижесі толық. | Тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамаларды қажетінше түсінеді, қолдануға тырысады. Күтілетін нәтиже көрсетілген. | Докторант тапсырмадағы тақырыпты толық түсіне алмаған. Тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамалар туралы жалпы түсінігі бар, алайда жобаның талаптарына терең бойламайды. | Тапсырма салғырт орындалған, докторанттың өз ойы, пікірі көрінбейді. Кәсіби ойлау, әлеуметтік педагог мамандардың кәсіби дүниетанымы туралы білмейді. Жоба дайындаудың талаптарын, құрылысын, күтілетін нәтижелерді анықтай алмайды. |
| Жоба құрастыруға қойылатын талаптар негізін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы | Докторанттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, өзін-өзі дамыту бойынша жобаның өзектілігін, тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін айқындай алған. | Докторант тақырыпты түсінеді, жоба құрастыруға қойылатын талаптар тізбегін құрастырады. Өзектілігі ашылған. | ДӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді, жаңашылдығы көрінбейді, «заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар», « әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тұжырымдамасы» ұғымдарын ашып бере алмайды. | ДӨЖ талапқа сай емес, «салыстырмалы білім беру» теориясын түсіндіре алмайды. Жоба құрастыру бойынша түсінігі әлсіз. Көшірме түрінде ұсынылған. Зерттеушілік бағыты айқын емес. «Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялар» және «әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тұжырымдамасы» бойынша өз ойын көрсетпеген. |
| Жоба құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі, практикалық [illegible] | ДӨЖ тапсырмасының практикалық сипаты басым, докторант теорияны практикамен [illegible] | Болашақ педагог-психолог ретінде салыстырмалы білім беру мәселесін [illegible] | Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығын көрсете алмаған. [illegible] ұсыныстары [illegible] ДӨЖ тапсырмасынан [illegible] | Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған. Ұсыныстары жоқ. ДӨЖ тапсырмасының тақырыбы [illegible] |
| Жұмыс [illegible] немесе | Докторанттың жоба құрастыру бойынша | Слайдтар жақсы дайындалған, жазу | Қанағаттанарлық деңгейде орындалған. | Материалдары талапқа сай емес. Аудитория алдында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| …мандамен …ұмыс | презентациясы теориялық тұрғыда дұрыс дайындалған, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын жеткізе алады. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай алады. | стилі дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет. Жоба, бағдарлама құрастыру бойынша жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға талпынады. Нәтижені болжайды. | коммуникацияға бейімділігін көрсете алмайды. Дегенмен, жоба құрастыру бойынша жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады. Нәтижені болжауға тырысады. | сөйлеуі төмен. Жоба құрастыруда белсенділік танытпайды, тек өзгелердің пікіріне қосылады. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға ықтиярсыздық білдіреді. Нәтижені болжап, түсіндіре алмайды. |

**ДӨЖ3. «Әлеуметтік педагогика ғылымының дамуының шетелдік тәжірибесі» тақырыбына теориялық-практикалық талдау (презентация түрінде қорғалады)**

| Критерийі | «Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25% | «Жақсы» % макс. салмағы 21-18% | «Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15% | «Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы % 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Презентация құрастыруға байланысты салыстырмалы білім беру теорияларын, тұжырымдамаларын түсінуі** | Докторант тапсырмаға сәйкес презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау, презентация жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, анимацияны кірістіру) көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен негіздей алады. | Тапсырманы орындауда презентацияның мазмұнын, жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған.Слайд жасауы, теориялық материалдарды орынды қолдануы және көпшілік алдында қорғауы жақсы. | Докторант тапсырманы тақырыпты толық түсіне алмаған. Тапсырмаға қатысты теориялар көрсетілген ұғымдар бойынша жалпы түсінігі бар , алайда презентацияның талаптарына терең бойлай алмайды. Слайд жасауда кемшіліктер жібереді. Ұғымдардың тек қысқаша сипаттамасын ұсынады. Анықтамалары айқын емес. | «Әлеуметтік педагогика ғылымының дамуының шетелдік тәжірибесі» тақырыбын аша алмаған. Тапсырма салғырт орындалған, докторанттың өз ойы, пікірі мүлдем көрінбейді. |
| **Презентация құрастыруға қойылатын талаптар легін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы** | Докторанттың зерттеушілік қабілеті нақты байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы өзін-өзі тану ұғымдарына теориялық тұрғыдан нақты түсінік беріп, слайдтарда көрсете алған. Өз сөзімен қорғай алады, пікірі тиянақты, қосымша материалдарды қолданады. | Докторант тақырыпты түсінеді, презентация құрастыруға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеушілік танытады. Жұмысын қорғауда көп ізденген. | ДӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді.Слайд жасауда ұтқырлық көрсете алмайды. «Концепция» , « әлеуметтік білім » «тұлға » «ұғымдарының мәнін аша толық алмаған. | ДӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Презентация құрастыру бойынша түсінігі әлсіз. Өз ойын зерттеушілік бағытта жеткізуде қиындықтары бар. |
| **Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Презентация жасауда құзыреттілік танытады, ұсыныс бере алады, тапсырманың практикалық сипаты басым, теорияны ұштастыра білген. Техникалық құралдармен жұмыс жасай алуы жоғары, Рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойынашық, дәлелді мысалдармен жеткізе алады. Ұсыныстары нақты және дәлелді. | Докторант презентация жасауда ынталылық танытады, өз пікірімен тақырыпты талдай алған. Әлеуметтік-педагогикалық білім беру теорияларын біледі, теориялық тұрғыда жақсы, практикалық бағыты басым. Ұсынысы бар. | Презентация жасауда цифрлық оқыту талаптарын толық қолдана алмайды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы, безендендірілуі әлсіз. «Әлеуметтік педагогика ғылымының дамуының шетелдік тәжірибесін» теориялық тұрғыда түсіндіріп айта алмайды. Ұсыныстары нақты емес және практикалық маңыздылық көрінбейді. | Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы,пікірі ашық айтылмаған, ұсыныстары жоқ . Слайдтарының безендендірілуі төмен . Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар бермеген. |
| **Жұмыс тобы немесе командамен жұмыс** | Тұсаукесерде жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай алады. Нәтижені болжап, дәлелдей алады. | Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға бейім . Нәтижені болжайды. | Коммуникацияға бейімділігін көрсете алмайды. Жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады. | Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен. |

**ДӨЖ4.** **Төменде көрсетілген әлеуметтік ғылыми концепциялар бойынша бір еңбекті таңдап, аннотация жазу:**

**1.Әлеуметтенудің рөлдік концепциялары (Р. Дарендорф, К. Лэнгтон, Ф. Тенбрук.**

**2.Әлеуметтік «сәйкестену балансы» концепциясы (Л. Кольберг, Ж. Пиаже).**

| Критерийі | «Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25% | «Жақсы» % макс. салмағы 21-18% | «Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15% | «Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Заманауи ғылыми әлеуметтік-педагогикалық концепциялардың теориялық – әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі** | Докторант әлеуметтенудің рөлдік концепциялары саласындағы еңбектерді толық қамти отырып өте жақсы жасай алған, ғалымның әр жылдарғы еңбектерін библиграфиялық көрсектіш түрінде рәсімдеген, аннотация жазу барысында жазба жұмысына қойылатын талаптар сақталған. Еңбекте қарастырылған мәселелерді анықтап,оның ерекшелігін танытуда докторант өзінің ойын ғылыми негіздеп жеткізе алған. Автор жасаған тұжырымдарды саралап, көтерілген мәселені болжай алған.Теориялар мен тұжырымдамаларды жақсы меңгерген. | Аннотация жазу барысында докторант өзінің ойын, жеткізе алған, аннотация жазудың талаптарын дұрыс қолданған. Логикалық құрылымда талдау жасаған. Пікірін аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдейді. Өз көзқарасын түсіндіріп жаза алады. Аннотациятүсінікті, ғылыми стильде жазылған. Көлеміне қойылатын талаптар сақталған. | Докторант тапсырманы тақырыпты толық түсіне алмаған. Аргументтері әлсіз, аналитикалық талдау жоқ. Ойын жинақы, нақты, анық етіп жаза алмаған. Әлеуметтік педагогиканың ғылыми концепцияларын ажыра алмаған, ғылыми еңбектердің жіктемесін дұрыс құрастыра алмаған. Аннотация жазу талаптары толық сақталмаған. Аннотацияны пікірден ажырата алмайды . | Тақырып ашылмаған. Докторант көрсетілген мәселені түсінбеген. Ойын жинақы, нақты, анық жаза алмаған. Жазба жұмысының құрылымы, оған қойылатын талаптарды назарға алмаған. Ғылыми түрде негіздеп, өз ойын нақты жеткізуде қиналады, сөйлемдері стильдік тұрғыда дұрыс құрастырылмаған. Аннотация талаптары сақталмаған. |
| **Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін , басқа ғылымдармен байланысын тапсырма тақырыбына сәйкес түсініп, талдай алуы** | Докторант пәннің теориялық және практикалық аспектілері мен басқа ғылымдармен байланысын талдауда зерттеушілік қабілет таныта алған. Әлеуметтік педагогиканың ерекшеліктерін теориялық тұрғыда көрсете алған.Мәселенің басқа ғылымдармен байланысын түсінеді, талдай алады. Өзінің ойын бекіту мақсатында теориялық зерттеулерге сілтемелер жасап қорытынды пікір айтады. Аннотацияны нақты мысалдармен жаза алған. Жұмыстың академиялық стильде жазылуы, докторанттың өзіндік тұжырым жасауы, ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдануы дұрыс. | Докторанттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы ұғымдарға салыстырмалы зерттеу мәселелері тұрғысынан пікірін білдіре алған. Анннотация жазуда құзыреттілік таныта алған. Жазу мәнері жақсы. | Докторанттың зерттеушілік қабілеті толық байқалмайды, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма талаптарына бойлай алмаған. Аннотация жазу барысында өзіндік ойы байқалмайды. Аннотация жазу барысында жазба жұмысына қойылатын талаптар сақталмаған. | ДӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Аннотация жазу бойынша түсінігі әлсіз. Өз ойын көрсете алмайды, тақырыпты нақты дәлелдемелермен шешуде докторанттың өзіндік тұжырым жасауы, ұғымдарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті төмен. Мәселеге бойлай алмайды, түсінік беруде қиналады. |
| **Аннотация жазу бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Докторант ұғымдар мен терминдерді талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолданады. Әлеуметтік педагогиканың құрылымдық-мазмұндық жүйесін, талдап түсіндіре алды, еңбек мазмұнындағы шетелдік және отандық тұжырымдамалар мен теорияларды талдайды, әлеуметтік педагогиканың теориясы мен әдіснамасын, зерттеу объектісін, тұғырларын және ұстанымдарын жіктеп көрсете алған. Аннотация | Докторант аннотация жазу барысында ұғымдар мен терминдерді салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолданады. Әлеуметтік-педагогикалық ғылыми концепцияларды талдап түсіндіре алды, , салыстырмалы педагогиканың тұғырларын және ұстанымдарын жіктеп | ДӨЖ орындауда білім алушы әлеуметтік педагогиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, заңдарын, оның ғылым ретінде даму заңдылықтарын түсініп, аннотация түрінде жеткізе алмайды. Жұмыс бойынша | Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы,пікірі ашық айтылмаған. Педагогикалық концепциялардың негізгі тұғырларын,ұстанымдарын ажырата алмайды. Аннотация жазу талаптарын білмейді. Сөздік қоры жұтаң, ойын толық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жазу бойынша нақты, дәлелді ұсыныстар бере алады. | көрсете алған. Ұсыныстары бар. | ұсыныстары әлсіз . | жеткізе алмайды.Ұсыныстары жоқ. |
| **Академиялық жазу, зерттеушілік дағдылар** | Берілген ДӨЖ тапсырмасының орындалуында мәселені тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шеше алуы, жұмыстың академиялық стильде жазылуы, өзіндік тұжырымдардың берілуі, мағыналық тұтастық, ой байланыстылығы, мазмұндаудың жүйелілігі, ұсынылған аннотацияның ғылыми еңбектегі мәселелермен дәйектелуі, рәсімдеудің талаптарына сәйкестігі, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуында докторанттың академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды толық меңгергені байқалады. Нәтиже нақты әрі теориялық тұрғыдан дәйекті. | Докторанттың аннотацияны академиялық стильде жаза алуы, пікірлерінің дәлелдемелермен дәйектелуі, ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті оның академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды білетіндігін көрсетеді. Нәтижені болжай алады. | Өздік жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған. Дей тұрғанмен, докторант академиялық жазу, зерттеушілік дағдылар бойынша құзыреттілік таныта алмайды. Пән бойынша алған білімін аннотация жазуда көрсете алмайды. | Материалдары талапқа сай емес. Аннотация жазуда өзіндік ізденіс, белсенділік танытпайды, тек интернет материалдарымен шектеледі. Жазуда орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуына мән бермейді, бұл докторанттың академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды білмейтіндігін байқатады. |

**ДӨЖ5. «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік білім мен тәрбие беру теориялары мен тұжырымдамаларының педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбында презентация қорғау**

| Критерийі | «Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25% | «Жақсы» % макс. салмағы 21-18% | «Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15% | «Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Презентация құрастыруға байланысты өзін-өзі дамыту теорияларын, тұжырымдамаларды түсінуі** | Доктрант тапсырмаға сәйкес презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау презентация жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, анимацияны кірістіру) көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік білім мен тәрбие беру теориялары мен тұжырымдамаларының педагогикалық ерекшеліктерін дәлелдерімен негіздейді. | Тапсырманы орындауда презентацияның мазмұнын, жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған.Слайд жасауы, теориялық материалдарды орынды қолдануы және көпшілік алдында қорғауы жақсы . түсіндіріп жеткізе алады. үдерістерінің қазіргі даму тенденцияларын цифрлық білім берумен сабақтастырып көрсете алған. | Докторант тапсырманы толық түсіне алмаған. Тапсырмаға қатысты теориялар көрсетілген ұғымдар бойынша жалпы түсінігі бар , алайда презентацияның талаптарына терең бойлай алмайды. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік білім мен тәрбие беру теориялары мен тұжырымдамаларының педагогикалық ерекшеліктерін теорияларын түсіндіре алмайды. Слайд жасауда кемшіндіктер жібереді. Ұғымдардың тек қысқаша сипаттамасын ұсынады, Анықтамалары айқын емес. | Тапсырма салғырт орындалған, докторанттың өз ойы, пікірі көрінбейді . Білім алушы презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау презентация жасау талаптарын толық орындай алмаған. Әлеуметтік-педагогикалық білім берудегі заманауи ғылыми концепцияларды ажырата алмайды. |
| **Презентация құрастыруға қойылатын талаптар легін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы** | Докторанттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы заманауи ғылыми концепцияларға теориялық тұрғыдан нақты түсінік беріп, слайдтарда көрсете алған. Қосымша материалдарды қолданады. | Докторант тақырыпты түсінеді, презентация құрастыруға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеушілік танытады. Жұмысын қорғауда ізденген, көпшілік алдында қарым- | ДӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді.Слайд жасауда ұтқырлық көрсете | ДӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Презентация құрастыруы төмен. Әлеуметтік-педагогикалық заманауи ғылыми |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қатынасқа түсе алады. | алмайды. | теориялар мен тұжырымдамалар негізінде мүлдем талдай алмайды. Өз ойын жеткізуде қиналады. |
| **Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Зерттеушілік бағытта ұсыныс бере алады, практикалық сипаты басым, өздік жұмыс мазмұнындағы әлеуметтік-педагогика ғылымының заманауи ғылыми концепцияларын жіктеп теориялар сабақтастығында карастыра алған. Қорытынды жасауы және ұсыныстары нақты. | Докторант тақырыпты талдай алған.Әлеуметтік-педагогикалық білім беру теорияларын жақсы біледі, қосымша ізденеді. Әлеуметтік педагогикалық заманауи ғылыми концепциялардың қазіргі дамуы бойынша ұсынысы бар. | Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығы аз, ұсыныстары әлсіз. Әлеуметтік педагогиканың қазіргі даму бағыттарын Жоғары кәсіби білім аша алмайды. Ұсыныстары нақтылауды қажет етеді. | Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған. Сөздік қоры жұтаң, ұсыныстары маңызды, нақты емес және тақырыппен сәйкеспейді . |
| **Жұмыс тобы немесе командамен жұмыс** | Докторанттың берілген тапсырманы презентация түрінде түсіндіріп жеткізуі, командамен, топпен ынтымақтастықта жұмыс жасай алуы оның кәсіби құзыреттіліктерін танытады. Презентация құрастыруы , тақырыпты ашуы теориялық тұрғыда дұрыс, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын анық жеткізе алады. Тұсаукесерде жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай біледі. | Слайдтары жақсы дайындалған, сөз мәнері дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға талпынады. Нәтижені болжайды.Коммуникацияға бейімділігі байқалады. Ойын толық жеткізеді, мәдениетін,сөйлеу әдебін дұрыс қолданады. | Докторанттың жұмысы қанағаттанарлық деңгейде орындалған, теориялық мәселелерді практикамен ұштастыра алмаған. Әлеуметтік-педагогикалық білім берудің заманауи ғылыми концепцияларын ғылыми тұрғыдан зерделей алмаған. Тұсаукесер бойынша жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады. | Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен. Презентация құрастыруда белсенділік танытпайды, тек өзгелердің пікіріне қосылады. Жұмыс тобымен, командамен жұмыс жасауға ықтиярсыздық танытады . |

**Декан** ________________________________ **Мейірбаев Б.Б.**

**Кафедра меңгерушісі** ______________________ **Әлқожаева Н.С.**

**Дәріскер** ________________________________ **Әрінова Б.А.**